

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1421 қаулысы

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына және "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес әрі материалдық және моральдық залалдың орнын толтыру туралы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 4023322,9 (төрт миллион жиырма үш мың үш жүз жиырма екі теңге тоқсан тиын) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы күшіне қол қойылған күнінен бастап енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1421 қаулысына

қосымша

Азаматтық істер бойынша орындалуға тиісті сот шешімдерінің тізбесі

Р/с N	Соттың атауы мен сот шешімінің шыққан күні	Талапкердің Т.А.Ә.	Мемлекеттік бажды шегер.	Мемлекеттік баж (теңге) гендегі сома (теңге)
----------	--	-----------------------	-----------------------------	---

1.	Алматы қаласының	Есенқұлов А.,	500 000	1260
	Бостандық аудандық	Омарова А.		
	с о т ы н ы ң	0 2 . 0 6 . 9 8	ж .	
	шешімі			
2.	Маңғыстау облысының	Жүсіпова Д.Б.	136 219,9	-
	А қ т а у қ а л а л ы қ			
	с о т ы н ы ң	1 3 . 0 2 . 2 0 0 1	ж .	
	шешімі			
3.	Шығыс Қазақстан	Капустин А.	109 843	-
	о б л ы с ы н ы ң	Ө с к е м е н		
	қ а л а л ы қ	с о т ы н ы ң		
	0 6 . 1 0 . 9 9	ж .		
	қаулысы			
4.	Ақмола облысының	"Темір-Сауда"	3 276 000	-
	Ш о р т а н д ы	а у д а н д ы қ	Ж Ш С	
	с о т ы н ы ң	2 5 . 0 6 .		
	2001 ж. қаулысы			
	Жиыны	4 022 062,9	1260	
	Жалпы сомасы	4 023 322,9		